**Автор**: Бисекешова Булсын Рамазановна
**Бағдарлама тарауы**: Ересек топ
**Жас тобы**: Көркем әдебиет
**Білім беру саласы**: Менің отбасым
**ҰОҚ тақырыбы**: "Менің әжем"

---

| | |
|---|---|
| ҰОҚ мақсаты: | Әр баланың анасы,әжесі бар екенің балалардын жақсы көріп қамқор болатынын түсіндіру.Еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.Әжемен бірлесе отырып әртүрлі пішінді құрттарды жасауға үйрету. |
| Сөздік жұмыс: | Әже,Ата,Құрт |
| Рефлексия | Әжемен бірге құрттарды жасап үйренеді.Үлкендерді құрметтейді. |
| Әдіс-тәсілдер: | Сұрақ-жауап,көрсету,түсіндіру. |
| Құрал-жабдықтар: | Слайд,суреттер,құрттар,сүзбе,майлықтар,тақтайшалар. |
| АКТ ресурсының атауы: | Энтерактивті тақта,минеможолдар |
| Пәнаралық байланыс: | Мүсіндеу |
| Алдын-ала жұмыс: | Алдын ала құрттар жасап,көрсету,әже туралы тақпақтар жаттату. |

## ҰОҚ барысы

| **ҰОҚ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| ҰОҚ кіріспе бөлімі | Шаттық шеңбер:<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Армысыңдар қонақтар,<br>Армысыңдар достар.<br>Сәлеметсіздер ма?<br>Балалар бірігіп шаттық шеңберін айтады. |  |

| **ҰОҚ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| ҰОҚ негізгі бөлімі | -Жарайсыңдар балалар,осы көтеріңкі көңіл күймен сабағымызды бастайық. Өте тамаша, тыңдандаршы біз бөлмеге кірген кезде бір тамаша әуен ойнап тұр. Бұл әуен кім жайлы айтылып тұр?<br>-Әже туралы.<br>-Айкүміс сен балабақшаға кіммен келдің?<br>-Мен әжемен келдім,<br>-Ал сенше?<br>-Мен әжемен келдім<br>-Жарайсыңдар.<br>-Отбасы мүшелеріне кімдер жатады?<br>-ана,әке,ата,әже,әпке,аға<br>Слайд бойынша жұмыстану.<br>-Суретте кімді көріп тұрсыңдар?<br>-Мынау кім?<br>-Әже не істеп отыр?<br>Ғажайып сәт: Әженің келуі,амандасуы.<br>-Әже қош келдіңіз,біздің балалардың білімдерін тамашалаңыз.<br>-Балалар қазір біз сендермен екі орталыққа бөлінеміз. (Текшелер арқылы.)<br>Қатынас орталығы Бұл орталықта біз «Менің әжем»атты тақпақ жаттаймыз. Менің әжем әліде,<br>Ұқсамайды кәріге.<br>Шай қайнатып береді,<br>Біздің үйдің бәріне.<br>Минеможолдар,тірек сызба арқылы жасыру.<br>Шығармашылық орталығы «Әжемнің әдемі құрттары»<br>Құрттардың пішіндері әртүрлі болады.<br>Сергіту сәті:<br>Топ- топ балақан,<br>шапалақта алақан.<br>Аман болсын әжеміз,<br>біз тәттіге тоямыз.<br>Орталықтар ауыстырылады.(Қоңарау арқылы)<br>Бойымызды сергітіп алсақ қайтадан екі орталықтарға ауысып жұмыстарымызды жалғастырамыз.<br>Ойын: Тез ойла.<br>Шарты: Жұмбақ арқылы шешімін тауып тілектер айту.<br>1.Кітапты көп оқитын,немерелерін жақсы көреді,ақ сақалды,кісіні кім дейміз? 2.Ол өте мейрімді,ақ шашты,тәтті бауырсақ пісіреді,бізге жылы қолғап,шұлық тоқиды.Бұл кім?<br>3.Өзі салмақты,байсалды,бос уапқытын балалармен өткізшенді жақсы көреді,циркке,саябаққа апарады,отбасын қорғаушы.ол кім?<br>4.Балалар,сендерді жақсы көретін,сүйікті адам кім? | Image not found or type unknown |
| ҰОҚ қорытындысы | -Балалар бізге қонаққа кім келді?<br>-Әже келді<br>-Әже туралы жаттаған тақпағымызды кім айтып береді екен?<br>-Жаттаған тақпақтарын айтып береді.<br>-Біздер әжемен бірге не жасадық?<br>-Құрт жасадық.<br>Әже: -Балалар мен сендердің жасаған құрттарыңды күннің көзіне кептіріп алып келемін.Сендердің топтарында күтемін.<br>Балалар әдемі құрт жасағандарына қуанады | Image not found or type unknown |

| ҰОҚ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Күтілетін нәтижелер: | Нені біледі: Отбасы мүшелері туралы біледі.<br>Түсінеді: Кестелер арқылы жұмбақтарды шеше алады.<br>Меңгереді: Берілген тапсырмаларды толық меңгереді,орындай алады. | Image not found or type unknown<br>Image not found or type unknown |